



ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ

ЖҰМЫС ОРНЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ПЕН ДЕНСАУЛЫҚ

«SK Ondeu» ЖШС өндірістік қауіпсіздік талаптарын сақтауға ерекше назар аударады. Өндірістік қауіпсіздік саясатына сәйкес біз өз жұмыскерлеріміз үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге тырысамыз. Осы мақсатта Компания ұлттық заңнамаға және халықаралық стандарттар мен талаптарға сәйкес еңбекті қорғау мен өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесін үнемі жетілдіріп отырады.

Компания мен оның ЕТҰ басшылығы жазатайым оқиғалар мен аварияларға, алкогольді, есірткіні, психотроптық заттарды және олардың аналогтарын пайдалануға және жол-көлік оқиғаларына байланысты шығындар мен залалдарға қатысты нөлдік төзімділік қағидатын ұстанады.

Аталған жұмыстың нәтижесінде 2024 жылы «SK Ondeu» ЖШС компаниялар тобы бойынша жұмыс уақытын жоғалтумен жазатайым оқиғалардың (LTIF) жиілік коэффициенті 0-ді құрады.

Персоналдың өмірі мен денсаулығына зиян келтіру тәуекелдерін азайту үшін жұмыстарды жүргізу кезінде тұрақты бақылау жүргізіледі, басшылар мен жұмыскерлердің өндірістік қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету процестеріне жауапкершілігі мен тартылуы артады, сондай-ақ SK Ondeu компанияларының бүкіл тобы жұмыскерлерінің құзыреті мен біліктілігін арттыруға көп көңіл бөлінеді.

SK Ondeu үшін басты басымдық - өз жұмыскерлерінің қауіпсіздігі мен әл-ауқаты. Компания апаттар мен оқыс оқиғалардың алдын алу мақсатында шаралар кешенін қолданады, сондай-ақ олардың түсінігі мен қауіпсіздік талаптарын сақтауын арттыру үшін өз жұмыскерлерімен жүйелі түрде жұмыс істейді. Бұл әрекеттердің барлығы Топтың барлық кәсіпорындарында қауіпсіздік мәдениетін арттыруға, сондай-ақ ықтимал жағымсыз салдардың алдын алуға бағытталған.

Топта өндірістік жарақаттанудың алдын алуға, тәуекелдер мен қауіптердің алдын алуға және/немесе азайтуға бағытталған іс-шаралар тұрақты негізде жүргізіледі.

Основные показатели в области ПБ за 2024 год

	Количество отработанных человек-часов	1186 808
	Количество проведенных поведенческих наблюдений по безопасности (ПНБ)	398
	Количество НС	0
	Количество ДТП	0
	Количество пострадавших	0

ТАКИЕ МЕРОПРИЯТИЯ ВКЛЮЧАЮТ:

- проведение внутренних аудитов по вопросам производственной безопасности
- проведение плановых и внеплановых инструктаж жэкей по технике безопасности
- организация проведения противоаварийных тренировок и учебных тревог
- непрерывное обучение и повышение квалификации работников
- выявление опасных условий, опасных действий, происшествий без последствий (Near Miss) и принятие соответствующих корректирующих действий
- применение поведенческих аудитов по остановке небезопасных работ, или отказ от ее выполнения, если они считают, что такая работа не может быть выполнена безопасно (СТОП-Карты)



GRI 403

2024 жылы өндірістегі ықтимал қауіпті оқиғалардың алдын алуға арналған «Safety SSAP» мобильді қосымшасы әзірленіп, қолданылады, ол қауіпсіздік техникасының бұзылуын тіркеуге және бұл туралы жауапты тұлғаларды хабардар етуге мүмкіндік береді;

Ықтимал қауіпті оқиғаларды тіркеу персонал үшін жағымсыз салдарға әкеп соқпайды, керісінше мотивациялық көтермелеу кезінде ескеріледі. Компания сонымен қатар ауыр оқиғалардың пайда болу қаупін тудыратын және/немесе тудыруы мүмкін қауіптерді анықтайды және тіркейді.

Бұдан басқа 2024 жылы «Еңбекті қорғау жөніндегі автоматтандырылған жүйені» жобалау/ әзірлеу/ енгізу/ орнату бойынша жұмыс басталды.

Жүйені енгізу:

- ӨҚ-ның әртүрлі аспектілері бойынша мәліметтерді қамтитын бірыңғай және жедел жаңартылатын деректер базасын құруға.
- менеджмент жүйесін жетілдіру және ӨҚ саласында тұрақты жақсарту қағидатын қолдануға;
- қауіптің ең төменгі деңгейіне қол жеткізуге және авариялар мен өндірістік жарақаттанудың салдарын жоюға шығындар мен шығындарды азайтуға;
- ӨҚ туралы басшылықтың хабардарлығын арттыру және шешім қабылдау уақытын қысқартуға мүмкіндік береді.

2024 жылы адами фактордың тәуекелдерін азайту үшін 398 мінез-құлық аудиті жүргізілді,

оған компания мен ЕТҰ-ның әртүрлі деңгейлерінің басшылары қатысты. Деректерді жүйелі түрде талдау және бақылау көбінесе адам факторымен байланысты қауіпсіздік талаптарының бұзылуы Топтың барлық өндірістерінде ортақ қауіп болып табылатынын көрсетеді.

«Самұрық-Қазына» АҚ өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесін құру мен жетілдірудің бірыңғай саясатын іске асыру мақсатында, сондай-ақ «SK Ondeu» ЖШС компаниялар тобының ұйымдарында жарақаттану жағдайларының алдын алу және жол бермеу үшін Серіктестіктің Басқарма төрағасының 2024 жылғы 26 қаңтардағы № 2 бұйрығымен 2024 жылға арналған 32 тапсырманы қамтитын «SK Ondeu» ЖШС компаниялары тобының өндірістік қауіпсіздігі жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді", оларды орындаудың нақты мерзімдері айқындалған.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша тапсырмалар толық көлемде орындалды.

Сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2024 жылғы 16 мамырдағы № 26/24 шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесін дамытудың 2024-2028 жылдарға арналған стратегиясының ережелерін іске асыру аясында Серіктестіктің Басқарма төрағасының 2024 жылғы 2 қазандағы № 49 бұйрығымен кейбір көрсеткіштер бойынша сандық мәндерді белгілей отырып, «SK Ondeu» ЖШС компаниялар тобының өндірістік қауіпсіздігін басқару жүйесін дамыту көрсеткіштері бекітілді.

2024 жылдың қорытындысы бойынша көзделген негізгі бастамалар орындалды.

Бұдан басқа 2024 жылы Серіктестік Басқармасының 2024 жылғы 27 маусымдағы № 20/24 шешімімен «SK Ondeu» ЖШС компаниялар тобы үшін өндірістік қауіпсіздікті басқару жөніндегі корпоративтік стандарт бекітілді.

Нәтижесінде есепті кезеңде еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар мен кәсіптік аурулардың жағдайлары тіркелген жоқ.

Сондай-ақ Компанияның кәсіпорындарында өндірістік қауіпсіздікті арттыру үшін қабылданған шаралар өнеркәсіптік апаттардың (бақыланбайтын жарылыстар, қауіпті заттардың шығарындылары немесе ғимараттардың қирауы) алдын алуға мүмкіндік берді.





GRI 416

КЛИЕНТТИҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІ

SK Ondeu қызметінің маңызды басымдығы - жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығын қорғау, сондай-ақ қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету.

Компания жұмыс орындарында және өндірістік алаңдарда өнеркәсіптік қауіпсіздік нормаларының сақталуын, жабдықтардың жарамдылығын және нұсқаулықтар, регламенттер мен стандарттар сияқты барлық қажетті ішкі құжаттардың болуын қатаң қадағалайды.

Компанияның еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қағидаттары мен қағидаларын айқындайтын негізгі регламенттеуші құжаттар:

- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
- «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының кодексі;
- Өнеркәсіптің химия саласының қауіпті өндірістік объектілері үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары;
- «SK Ondeu» ЖШС өндірістік қауіпсіздік саласындағы саясат;
- Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы «SK Ondeu» ЖШС және еншілес тәуелді ұйымдар жұмыскерлерінің кодексі;
- «SK Ondeu» ЖШС еншілес және тәуелді ұйымдары үшін еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі бірыңғай қағидалар;
- Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мердігер ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі қағида.

Компания анықтаған ЕҚ және ӨҚ саласындағы қағидаттар мен қағидаларды топтың барлық жұмыскерлері мен мердігерлік ұйымдары орындауға міндетті.

Төтенше жағдайлардың алдын алу аясында «SK Ondeu» ЖШС-да Дағдарыстық жағдайларды басқару жөніндегі штаб жұмыс істейді.

